

«QazExpoCongress» ҰК» АҚ
2021 жылы тұрақты даму саласындағы
іс-шаралар жоспарын іске асыру жөніндегі
ЕСЕБІ

«QazExpoCongress» ҰК» АҚ (бұдан әрі – Қоғам) Қоғамның тұрақты дамуына, оның әртүрлі факторларға, сыртқы және ішкі ортаға бейімделу қабілетіне, меншікті капиталды арттыруға және сонымен бірге мүдделі тараптардың мүдделеріне нұқсан келтірмей одан әрі дамуына баса назар аударады.

Корпоративтік басқару кодексіне сәйкес Қоғам жыл сайын Директорлар кеңесімен Тұрақты даму жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірлеп бекітеді.

Қоғам Корпоративтік басқару кодексінде бекітілген: ашықтық, есеп берушілік, транспаренттілік, әдепті мінез-құлық, мүдделі тараптардың мүдделерін құрметтеу, заңдылық, адам құқығын сақтау, сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік, мүдделер қақтығысына жол бермеу секілді қағидаттарына сәйкес ашықтыққа және мүдделі тараптарды өз қызметінің нәтижелері туралы хабардар етуді қамтамасыз етуге ұмтылады.

Тұрақты даму мыналарды біріктіреді:

1. басқару жүйесі;
2. Қоғамның 2015-2024 жылдарға арналған даму жоспары;
3. тәуекелдерді басқаруды, жоспарлауды (ұзақ мерзімді (жоспар), орта мерзімді (бес жылдық іс-шаралар жоспары) және қысқа мерзімді (жылдық бюджет) кезеңдерді), есеп беруді, адам ресурстарын басқаруды, инвестицияларды, операцияларды және т.б. негізгі процестер, сондай-ақ органдардан (Жалғыз акционер, Директорлар кеңесі, Басқарма) бастап, қатардағы қызметкерлерге дейін барлық деңгейлерде шешім қабылдау процестері.

2021 жылғы тұрақты даму бойынша іс-шаралар жоспары келесі бағыттар бойынша 19 іс-шараны қамтиды:

- әлеуметтік жауапкершілік стандарттарын арттыру;
- 2024 жылға қарай операциялық залалсыздыққа қол жеткізу;
- Қоғамның трансформациясы, және келесідей міндеттер:
 - әлеуметтік әріптестік қағидасы негізінде әлеуметтік-еңбек қатынастарын реттеу;
 - кадрларды үздіксіз даярлау жүйесін қалыптастыру;
 - сенімділікке бағдарланған қызмет көрсету жүйесін (RCM) енгізу;
 - ресурс шығындарын азайту үшін «ақылды» технологияларды енгізу;
 - 2015-2024 жылдарға арналған Даму стратегиясы негізінде бизнес-процестердің мақсатты моделін енгізу;
 - ұйымдық құрылымды жетілдіру.

Қоғамның тұрақты дамуы саласындағы 2021 жылға арналған іс-шаралар жоспары толық көлемде орындалды және «QazExpoCongress» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің 2021 жылғы 29 маусымдағы шешімімен бекітілді.

«QazExpoCongress» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің 2022 жылғы 22 қарашадағы шешімімен бекітілген «КПМГ Такс энд Эдвайзори» ЖШС жүргізген Қоғамның корпоративтік басқаруын бағалау нәтижелері бойынша Корпоративтік басқару жүйесін жетілдіру жөніндегі іс-шаралар жоспары, 2023 жылға арналған тұрақты даму саласындағы Іс-шаралар жоспары жасалды.

Қоғам тұрақты даму нәтижелері туралы ақпаратты Жылдық есептің бөлімі ретінде жариялайды.